

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженерия» кафедрасы

Кундакбаев Мейіржан, Оспанов Есбол, Әділай Сұңғыла, Қайргельді Анар

Оңтүстік Қазақстан облысындағы автоқұю бекетінің жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070800-Мұнай-газ ісі

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженерия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

 М.К.СЫЗДЫКОВ
« 10 » мамыр 2019ж.


Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: Оңтүстік Қазақстан облысындағы автоқуя бекетінің жобасы

5B070800-Мұнай-газ ісі

Орындаған

 Кундакбаев М. Ж.
 Оспанов Е. Т.
 Әділай С.
 Қайргельді А. Е.

Ғылыми жетекші

канд. физикалық-мат.

ҒЫЛЫМ, ДОЦЕНТ

 Баймухаметов М. А.
« 10 » 05 2019ж

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженерия» кафедрасы

5B070800-Мұнай-газ ісі

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

 М.К.Сыздықов

«15» 01 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушылар: Кундакбаев Мейріжан Жомартұлы, Оспанов Есбол Төлеубекұлы, Әділай Сұңғыла, Қайргельді Анар Ермекқызы

Тақырыбы: Оңтүстік Қазақстан облысындағы автоқуя бекетінің жобасы

Университет ректорының "17" қазан 2018 ж. № 1167-п бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «30» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: диплом алды практика кезінде жиналған ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) техника-технологиялық бөлім

ә) арнайы бөлім


б) экономикалық бөлім

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау

Дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Техника-технологиялық бөлім	02.04.19 – 12.04.19	
Арнайы бөлім	12.04.19 – 22.04.19	
Экономикалық бөлім	22.04.19 – 25.04.19	

Дипломдық жоба (жұмыс) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға (жұмысқа) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Техника-технологиялық бөлім	М. А. Баймухаметов канд.физикалық-мат.ғыл., доц.	10.05.19	
Арнайы бөлім	М. А. Баймухаметов канд.физикалық-мат.ғыл., доц.	10.05.19	
Экономикалық бөлім	М. А. Баймухаметов канд.физикалық-мат.ғыл., доц.	10.05.19	
Норма бақылау	М. А. Баймухаметов канд.физикалық-мат.ғыл., доц.	10.05.19	

Ғылыми жетекші _____




Баймухаметов М.А.


Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____



Кундакбаев М. Ж.



Оспанов Е. Т.



Әділай С.



Қайргельді А. Е.

Күні " _____ " _____ 2019ж

АҢДАТПА

Берілген дипломдық жобада Оңтүстік Қазақстан облысында автоқұю бекетін жобалау сұрақтары қарастырылған.

Зерттеу мақсаты: автоқұю бекетін жобалау қажеттігі және мүмкіндігі.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- сұранысты қалыптастыру бойынша болжам жасау;
- бас жоспар құру;
- қондырғылар таңдау;
- технологиялық құрылымдық есептеулер жүргізу.

Міндеттерді орындау үшін дипломдық жобада келесі тәсілдер қолданылады:

- Жалпы логикалық тәсіл – аналитика, синтез, салыстыру және әртүрлі акпараттар көздерінен акпаратты өңдеу;
- Бақылау;

Дипломдық жұмыс кіріспе, екі бөлім және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бірінші бөлім, яғни техника технологиялық бөлім жалпы Қазақстан Республикасындағы мұнай өнімдерін сату нарығына анализ жасалған, сонымен қатар таңдалынған территорияға тұтынушылар келу легіне болжам жасалған. Таңдалынған территорияға бас жоспар жасалғаны көрсетілген.

Екінші бөлімінде техникалық қондырғылары таңдалынған және есептелген. Автоқұю бекетін автоматтандыруда жаңа технологияны енгізу ұсынылған және тиімділігі көрсетілген.

Қазіргі кезде дәстүрлі автоқұю бекеттері қолданыстан ақырындап шығып бара жатыр, яғни жанармай альтернативалары, пилотсыз көліктер, электр көліктер енгізілгеннен бастап сұраныс төмендеп келеді. Оны болдырмау мақсатында және қауіпсіздік пен тиімділікті жоғарлату үшін жаңа технологияларды енгізу дипломдық жобаның өзектілігі ретінде алынған.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрены вопросы проектирования автозаправочной станции в Южно-Казахстанской области.

Цель исследования: необходимость и возможность проектировать АЗС.

Для достижения этой цели необходимо решить следующие задачи:

- составить прогноз формирования спроса;
- генеральный план создания;
- выбор оборудования;
- технологические структурные расчеты.

В дипломном проекте для выполнения поставленных задач используются следующие методы:

- общий логический подход - аналитика, синтез, сравнение и обработка информации из различных источников информации;
- контроль;

Дипломный проект состоит из введения, трех глав и списка литературы.

В первой части, то есть в техника и технологическом разделе, анализируется рынок реализации нефтепродуктов в Республике Казахстан, а также прогноз прибытия потребителей в выбранную область. Показано, что на выбранную территорию составлен генеральный план.

Во второй части, было выбрано и рассчитаны технические оборудование. Внедрение новых технологий в автоматизации АЗС и рекомендуемая эффективность.

В настоящее время традиционные автозаправочные станции постепенно выходят из эксплуатации, то есть с введением топливных альтернативы, беспилотных машин, электротранспорта спрос снижается. Чтобы избежать этого, внедрение новых технологий для повышения безопасности и эффективности было принято в качестве актуальности дипломного проекта.

ANNOTATION

In this diploma project were studied of designing a petrol station in the South-Kazakhstan region.

The goal of the study: the need and the ability to design a gas station.

To achieve this goal it is necessary to solve the following tasks:

- make a forecast of demand formation;
- master plan of creation;
- equipment selection;
- technological structural calculations.

In the diploma project to perform the tasks used the following methods:

- General logical approach - Analytics, synthesis, comparison and processing of information from different information sources;
- control;

The graduation project consists of an introduction, three chapters and a list of references.

In the first chapter, the technology and technological section, the market for the sale of petroleum products in the Republic of Kazakhstan, as well as the forecast of the arrival of consumers in the selected area is analyzed. It is shown that a master plan has been drawn up for the selected territory.

In the second part, technical equipment was selected and calculated. The introduction of new technologies in the automation of petrol stations and recommended efficiency.

Currently, traditional gas stations are gradually coming out of operation, that is, with the introduction of fuel alternatives, unmanned vehicles, electric demand is reduced. To avoid this, the introduction of new technologies to improve safety and efficiency was adopted as the relevance of the diploma project.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Техника және технологиялық бөлім	11
1.1 Мұнай өнімдерін сату нарығын талдау	11
1.2 Автокөлік ағынын бақылаудың әдістемесі мен нәтижелері	13
1.3 Автоқұю бекетінің бас жоспары және технологиялық сұлбасы	16
2 Арнайы бөлім	17
2.1 Автоқұю бекетінің технологиялық қондырғылары	17
2.1.1 Мұнай өнімдерін сақтайтын қондырғылар	17
2.1.1.1 Резервуар көлемін және санын есептеу	18
2.1.2 Мұнай өнімдерін жіберетін қондырғылар	25
2.1.2.1 Жанармай тарату колонкасының оптималды санын таңдау	26
2.1.3 Технологиялық құбырлар	27
2.1.3.1 Сору құбырын гидравликалық есептеу	28
2.2 Интеллектуалды автоқұю бекетінің эрасы	30
2.2.1 Internet of things желілік жүйесі	31
2.2.2 Робототехникалық құю жүйесі	34
3 Экономикалық бөлім	39
Қорытынды	42
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	43

КІРІСПЕ

Ұзақ уақыт бойы мұнай саласы ең сәтті іс деп есептеледі – мұнай өнімдерінің өңдеу, өндіру мен өткізу көлемі артуда, дамытудың жаңа стратегиялық бағыттары игерілуде. Сондай-ақ нарықта бәсекелестік те күшейе түсуде. Алайда бұл алпауыт компаниялардың шикізат ресурстарын иелену үшін талас-тартыстары көптеген тұтынушыларға «көрінбегенімен», өз өнімдерін өткізетін көптеген нарықтарда мұнай компаниялары мүдделерінің қақтығысы барлығының «көз алдында» өтеді. Көптеген мұнай компанияларымен жоспарланған ресейдің және халықаралық нарықтарда өз позицияларын нығайтуы мен кеңейтуі, сондай-ақ аймақтық саясатты күшейтуді игеруі жоспарланып отырған жалпы нарықта да, жеке аймақтық нарықтарда да, оларда болып жатқан өзгерістерді реттейтін мониторингте де негізгі басым үрдісті анықтап алуды қажет етеді.

Осы пікір бойынша алпауыт мұнай компаниялары маркетингтік зерттеулер мен кәсіби маркетингтік агенстволардың көмегіне жүгініп, тұтынушылардың өз өнімдерін таңдауына әсер етудің жаңа мәдениетті әдістерін жиі пайдалануда. Отынды – энергетикалық ресурстардың (ОЭР) ірі тұтынушысы көлік болып табылады, оның еншісіне жер қойнауынан өндіріліп жатқан энергетикалық ресурстардың 13%-ға жуығы тиесілі. Жер бетінде және суда жүретін көліктердегі энергетикалық қондырғылардың басым түрі – мұнайдан алынатын сұйық отынды тұтынатын іштен жанатын қозғалтқыш.

Біздің елімізде соңғы жылдары автокөліктердің саны ондаған есеге артқан. Жаңа жолдар салынып, жоғары жылдамдықтағы автомагистральдардың құрылысы басталып жатыр. Автокөлікпен тасымалдау көлемі үздіксіз артуда. Автотуризм дами бастайды деген үміт де бар. Аталған жаңалықтардың ішінде ресейлік автожолдарда бар, асханасы, дәріханасы, дүкені, мотелі (қонақ үйі), автокөліктердің барлық қосалқы бөлшектері сатылатын жөндеу шеберханасы мен автокаسمетикалар және міндетті түрде қорғалатын автокөлік тұрағы бар еуропалық класстағы автокүю бекеттерінің комплекстерін тұрғызу туралы ой жоқ. Польшада барлық автокөлік жолдарының бойындағы жеке үйлерде автошеберханалар, автосалондар, автокөлік бөлшектерін сататын орындар, шағын жол бойындағы барлар мен кафелер, шағын қонақ үйлер бар.

Бензин - шикі мұнайдан алынатын негізгі мұнай өнімдерінің бірі, автокөлік қозғалтқыштарында, жеңіл кеме қозғалтқыштарында, бензинмен жұмыс жасайтын араларда және т.б. кеңінен қолданылады. Бензиндердің октанды сандары әртүрлі және сәйкесінше олардың бағасы да әртүрлі болады. Жоғары октанды және этилирленбеген бензиннің құны жоғары болады.

Кез-келген мұнайдың бағасы оны өндіруге, тұтынушыларға жеткізіп беруге кеткен шығынмен есептеледі, онда сондай-ақ бензин өндірушілері үшін мұнайдың құны, оны өңдеуге, маркетингке және таратуға, жанармай құю бекеттерінің жұмысын ұйымдастырумен және әртүрлі салықтармен байланысты шығындар да есептеледі.

Осылайша, тұтынушы нақты бір бағада бензинді сатып алу арқылы барлық кеткен шығындардың орнын толтырады, сонымен қатар мұнайды өндіруге қатысқандардың барлығы мен жанармай құю бекеттерінің иелеріне кіріс кіргізеді (кейде шығын да болады).

Автоқұю бекеті (АҚБ) - мұнай өнімдерін өндірушілер мен автокөліктерге арналған жанатын-майлайтын материалдарды бөлшектеп сату саласындағы олардың миллиондаған тұтынушыларының арасындағы байланысты қамтамасыз ететін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесінің ең соңғы нүктесі. Мұнай өнімдерінің ағыны АҚБ аяқталады, онда жанармай тұтынушының жекеменшігіне өтеді. Тұтынушы мен АҚБ операторының өзара қарым-қатынасы ҚР "Тұтынушылардың құқығын қорғау" Заңымен регламенттеледі. Сондықтан АҚБ мұнай өнімдерін жоғары дәлдікпен және сенімді заманауи құралдармен жабдықталуы тиіс.

Дипломдық жұмыс барысында біз Шәуілдір елді мекенінде орналастырылатын автоқұю бекетін тұрғызу қажеттілігі және мүмкіндігін талдаймыз.

Зерттеу мақсаты – автоқұю бекетін жобалау мүмкіндігі және қажеттілігі.

Зерттеу міндеттері:

- сұранысты қалыптастыру бойынша болжам жасау;
- бас жоспар құру;
- қондырғылар таңдау;
- технологиялық құрылымдық есептеулер жүргізу.

1 Техника және технологиялық бөлім

1.1 Мұнай өнімдерін сату нарығын талдау

Мұнай тасымалдау кезінде отын ретінде қарқынды пайдаланылатын негізгі өнім болып табылады. Ол жинақтаушы химиялық өндіріс шикізаты және әр түрлі материалдар үшін шикізат, өнеркәсіптік газ тәрізді сутегі көзі және бүкіл әлем бойынша көптеген адамдарды жылыту үшін негізгі отын ретінде ең маңызды болып табылады. Мұнайдың энергетикалық көзі көптеген маңызды нарықтық қолдануларға ие, онда оны көбінесе бензин немесе мазут, сондай-ақ мазут, реактивті отын, дизель отыны, керосин, сұйытылған мұнай газы, майлау материалдары, күкірт, балауыз және мұнай коксы әр түрлі мақсаттар үшін пайдаланылады.

Мұнай өнеркәсібі мұнай өнімдерін барлауды, өндіруді, өңдеуді, жеткізуді және әртүрлі мақсаттар үшін салалардың кең ауқымына және кең жұртшылыққа бөлуді жүзеге асыратын компанияларды қамтиды. Мұнай құнды сарқылатын энергетикалық ресурс болып табылады. Мұнай индустриясы мұнай бағасының ауытқуы, сондай-ақ шарықтау және құлдырауы нарықты шыңда ұстап тұрғандай. Саланың өнімділігі саланың өсіп келе жатқанын немесе төмендегенін анықтайтын аспектілердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында 3 негізгі (Атырау, Павлодар, Шымкент) және 30 кіші мұнай өңдеу заводтары бар. Кіші заводтарда өнделген мұнай өнімдері көбінесе шикізат түрінде немесе ірі заводтарға қайта жіберіледі. Сондықтан олар мұнай өнімдерін сату нарығына әсер етпейді.

2017 жылдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы аумағындағы автокүю бекеттер саны 5296 құрайды.

1.1 кесте – АҚБ саны

	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	4 425	4 687	5 054	5 296
Ақмола обл.	306	327	361	390
Ақтөбе обл.	157	182	212	242
Алматы обл.	416	361	404	427
Атырау обл.	115	112	118	131
Батыс Қазақстан обл.	132	141	147	159
Жамбыл обл.	365	319	323	312
Қарағанды обл.	407	464	484	472
Қостанай обл.	245	258	233	238
Қызылорда обл.	189	199	240	301
Маңғыстау обл.	98	156	256	271
Түркістан обл.	705	770	807	842

Павлодар обл.	272	276	293	307
Солтүстік Қазақстан обл.	220	218	201	182
Шығыс Қазақстан обл.	430	440	453	465
Астана қ.	134	161	176	215
Алматы қ.	234	303	346	342

1.1 кестеде көрсетілгендей ҚР АҚБ саны қатты өзгере қоймаған, яғни Республикамызда мұнай өнімдерін сату нарығындағы кәсіпкерлер тұрақты табысқа ие.

Бүгінгі таңда ең ірі АҚБ «ҚазМұнайГаз». Бұл сауда белгісінің атынан нарықта 343 автоқұю бекеті қызмет етеді. Екінші орында «Helios» 270 автоқұю бекеті орналасқан. Ірі үштікке кіретін «Sinooil» компаниясы қол астында 151 автоқұю бекеті қызмет етеді [1].

Мұнайды экспортқа өткізу бағасын белгілеу мұнайдың әлемдік бағасына сәйкес, ішкі нарыққа - сатып алушылардың баға ұсыныстарына сәйкес тараптар арасындағы шарттық негізде жүзеге асырылады, бұл ретте ішкі нарыққа өткізу бағасы мұнайды экспортқа өткізу бағасынан төмен. Мұнайды іске асыру нарығы бірқатар кіру және жұмыс істеу кедергілерімен сипатталады - олардың негізгілері елеулі бастапқы салымдар және салынған инвестициялардың өтелімділігінің ұзақ мерзімі, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт алу.

Нарық субъектілері ұсынған ақпаратқа сәйкес, жер қойнауын пайдаланушылардың көпшілігі мұнай сату нарығына кіру және жұмыс істеу кедергілерінің жоқтығы туралы жауап берді, бұл ретте жекелеген субъектілер төмендегі кедергілерді ұсынды:

1. трансферттік баға белгілеу жөніндегі құжаттардың нақты тізімінің және мұнайды экспортқа өткізуге ұқсас ішкі нарыққа өткізу бағасын айқындайтын ресми көздердің болмауы;
2. магистральдық құбырлар және темір жол арқылы мұнай тасымалдауға жоғары тарифтер;
3. шағын мұнай өндіруші компаниялар үшін жоғары экспорттық кеден баждары және ренталық салық;
4. әлсіз дамыған инфрақұрылым, мұнай терминалдарының шектеулі болуы.

Осылайша, мұнай өткізу нарығын талдау нәтижелері осы нарық орташа шоғырланған болып табылатынын, үстем жағдайға ие субъектілер белгіленбеген, осыған байланысты үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) нарық субъектілері енгізілмегенін көрсетті.

1.2 Автокөлік ағынын бақылаудың әдістемесі мен нәтижелері

Автокөліктің ағынын бақылау мен зерттеу автокөліктің жанармай құю бекетін жобалық есептеу үшін бастапқы мәліметті алудың негізгі әдісі болып табылады. Бақылауларды талдау мен өңдеу ағынның құрылымын, олардың автокөліктердің түрі, маркасы бойынша сандық құрамын және қолданылатын оттың түрі, автокөліктердің жалпы және жеке топтарының қозғалыс қарқынын зерттеуге мүмкіндік береді.

АҚБ орналасқан жол бөлігімен қозғалып жатқан автокөліктердің ағынын сипаттайтын барлық жоғарыда сипаттаған көрсеткіштер қайта жөнделетін АҚБ мақсаты мен құрамын анықтайтын есептеулерде қолданылады.

"Батыс Еуропа-Батыс Қытай" тасжолындағы Төрткүл ауылында орналасқан АҚБ май құю бекетінде біз 10.01.2019ж - 28.02.2019ж автокөлік хромометражын бақыладық. Осы уақыт аралығында біз автоқұю бекетінің аумағында болдық, әр отынның түрі мен автокөліктің маркасы бойынша жанармай құю уақытын қағазға түсіріп отырдық. Осылайша, бақылау жүргізудің әр күнінде уақытты қосқанда үздіксіз бақылаудың ұзақтағы 9:00-ден 22:00 дейінгі уақыт аралығын қамтиды, яғни 12 сағатты құрайды. 1.2-кестеде көрсетілгендей сұранысқа ие бензин маркасы АИ 92 бірінші орында, одан кейін АИ 95, дизель отыны және АИ 80.

1.3-кестеде көрсетілгендей ең "пиковый" сағат - 9-дан 12 дейін және 18-ден 21 дейін. 21-ден таңғы сағат 9 дейін сатылым бар-жоғы бекеттің күндізгі сатылым көлемінің 10-15% құрайды. Осыдан, яғни тәуліктің қалған уақытында 21:00-ден 9:00 дейінгі аралықта бақылаумен тіркелмеген автокөліктердің қозғалыс қарқандылығы 9:00-ден 21:00 дейінгі қозғалым қарқындылығының шамамен 10% құрайды.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып, аталған жобаға тасжолында орналасатын өзіміздің автоқұю бекетіне сұранысты болжаммен жасадық, ол 1.4-кестеде көрсетілген. 21:00-ден 9:00 дейінгі уақыт аралығында екі бағытта да өтетін автокөліктердің мөлшері 9:00 -ден 21:00 дейінгі қозғалыс қарқындылығының 10% құрайтынды деп алдым. Сондықтан, толық тәулікте АҚБ жанармай құйған автокөліктердің санын анықтау үшін бақылау парақшасында жазылған автокөліктердің санын 10% арттыру керек. Нақтырақ сандық мәліметтерді алу үшін қолданылған отынның түрі мен автокөліктердің түріне байланысты автокөліктерді жалпы және топтық тізімін жасау керек. Бақылау парақшасындағы мәліметтерді ары қарай өңдеудің нәтижесінде сол автоқұю бекетінде жанармай құйған автокөліктердің санын анықтадық.

1.4-кестедегі мәліметтер бойынша АҚБ жанармай құйған автокөліктердің орташа тәуліктік саны – 546 авт/тәу, ал жанармай құюдың орташа сағаттық жиілігі ~ 23 авт/сағ құрайды деп қорытындылауға болады. АҚБ құру бойынша ары қарай есептеулерде автокөлік ағынын хромометражын зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстардың барысында алынған мәліметтерге сүйенеміз.

1.2 кесте – бақылау барысындағы автокөлік ханометражы

	10.01.2019	15.01.2019	20.01.2019	25.01.2019	30.01.2019	01.02.2019	05.02.2019	10.01.2019	15.02.2019	20.02.2019	28.02.2019
АИ 95	50	45	37	59	68	34	54	46	57	45	63
АИ 92	254	345	323	266	456	345	245	346	464	234	325
АИ 80	36	45	34	34	53	23	35	23	54	45	47
ДО	28	45	39	34	49	35	32	48	25	45	49

1.3 кесте – 1 тәуліктегі жанармай құйған автокөліктердің саны

	9:00	10:00	11:00	12:00	13:00	14:00	15:00	16:00	17:00	18:00	19:00	20:00	21:00	22:00	23:00	0:00	1:00	2:00	3:00	4:00	5:00	6:00	7:00	8:00
АИ 95	5	9	7	8	7	5	4	6	5	6	4	5	5	2	1	1	0	0	0	2	1	1	1	3
АИ 92	13	10	13	16	11	10	5	8	5	8	9	15	10	12	8	6	5	3	2	2	1	8	9	12
АИ 80	2	1	2	3	5	4	3	3	5	4	6	4	6	7	0	0	0	0	0	1	2	4	5	3
ДО	6	4	3	5	7	3	4	2	3	4	5	6	7	3	6	5	3	2	3	6	7	4	6	4

1.4 кесте – жанармай құйған автокөліктердің саны

Автокөліктің тобы	Топтағы автокөліктің саны, бірлік	Жанармай құю жиілігі, бірлік/сағ.
АИ-95 бензинін тұтынғандар: - жеңіл көліктер	70	~ 3
АИ-92 бензинін тұтынғандар: - жеңіл көліктер	360	~15
АИ-98 бензинін тұтынғандар: - жеңіл көліктер - жүк көліктер - автобустар	45 12 2	~2 ~ 0,5 ~ 0,08
ДО тұтынушылар: - жеңіл көліктер - жүк көліктері - автобустар	36 18 3	~1,5 ~ 0,75 ~ 0,13
Қорытынды:	546	~ 23

1.3 Автоқұю бекетінің бас жоспары және технологиялық сұлбасы

АҚБ-ның бас жоспары территория таңдау, онда ғимараттар мен қондырғыларды орналастыру сияқты мәселелер шешілетін жобалау бөлігі. Ол автоқұю бекеті орналасатын тұрғылықты орын бас жоспарымен байланыстырылу керек. Дұрыс таңдалынған бас жоспар автоқұю бекетінде эксплуатация, өрт қауіпсіздік және экологияға қолайлы жағдайлар жасайды.

АҚБ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолының бойында, Шәуілдір ауылына бұрылатын бұрылыста 100 метр қашықтықта орналасқан. Алаңның бедері тегіс, жоспарланған, жалпы оңтүстікке қарай аздап ылдиған. Жер ауданы АҚБ-нің өткізу қабілеттілігі, жанармай тұтыну машина санына және мөлшеріне байланысты таңдалынады. Біздің жобадағы АҚБ күніне 500 машинаға қызмет етеді деп алатын болсақ, онда территория ауданы 1500 м² деп алынады. Егер жер ауданы 1500 м², болса құрылыс ауданы 750 м².

Жалпы бас жоспар бойынша негізгі көрсеткіштер:

- Жердің ауданы, га – 0,15;
- Тұрғызылған құрылыс ауданы, га - 0,075;
- Төселген (жабылған) жердің ауданы, га - 0,10;
- Көгалдандырылған жердің ауданы, га - 0,05.

Автоқұю бекетінің бас жоспары келесі негізгі технологиялық шарттар талаптарына сай жасалды:

- автомашиналарды оң жақты, сол жақты, екі жақта жанармаймен қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- жанармай тарату колонкаларына автомашиналардың бөгетсіз өту мүмкіндігі;
- автоқұю бекетіндегі ғимарат және жанармай тарату колонкаларын визуалды басқару мүмкіндігі [2, 150 б].

АҚБ қондырғылар мен ғимараттардың орналасуы тұтынушыларға ғана ыңғайлы емес, сонымен қатар персоналға да ыңғайлы әрі қауіпсіз болу қажет. Жанармай тарату колонкалары екі жақты таратуға арналған және аралары 10-12 м қашықта орналасқан. Территорияға кіретін жолдар бекетке жанармай жеткізетін бензовоздарға, жанармай құютын автомашиналарға қолайлы. Барлық кіру, шығу жолдары асфальт төселген. Автомашина қоятын тұрақтар бетон жабынды. Территория аумағы тік.

Автоқұю бекеттерінің жобалық шешімі құрылыстың келесі жағдайлары үшін қабылданды: ең ыстық ай шілде айы, орташа температура мөлшері +38.6. Ең суық ай қаңтар айы, орташа температура мөлшері -6.5 градус. Жел ағынның жылдамдығы 20 км/сағ [7].

Жобаға қабылданған инженерлік желілер:

- су – елді мекен су арнасымен қамтамасыз етілген;
- канализация – арнайы септик жүйесі жасалынды;
- электрмен – елді мекеннің электр желісімен қамтамасыз етіледі;
- жылыту – арнайы жылыту бөлмелері қарастырылған.

2 Арнайы бөлім

2.1 Автоқұю бекетінің технологиялық қондырғылары

Автоқұю бекетінің технологиялық қондырғылар функционалдық міндеттеріне байланысты келесі түрлерге бөленеді:

- мұнай өнімдерін сақтайтын - резервуарлар;
- тұтынушыға мұнай өнімін жіберетін – жанармай тарату колонкалар;
- жанармай тарату колонкаларын басқаратын және технологиялық процесстерді автоматтандыратын;
- технологиялық қызмет көрсететін және сервистік қондырғылар;
- қоршаған ортаны сақтайтын және өрт қауіпсіздік қондырғылары [3, 288 б.].

2.1.1 Мұнай өнімдерін сақтайтын қондырғылар

Жанармай және май сақтайтын қондырғыларға жерасты, жерүсті, тік және көлденең типті резервуарлар жатады. Мұнай өнімдерін қабылдау және сақтау үшін біз жерасты болат екі қабырғалы көлденең резервуарларды таңдадық, өйткені олар жоғары ішкі артық қысымға шыдайды. Конструктивті резервуарлар екі жақты орындалған. Резервуардың қабырғааралық кеңістігіндегі отын буларының тұтану мүмкіндігін болдырмау үшін соңғысы ауаны ығыстыру жолымен азотпен толтырылады. Артық қысым өсіп кетпеу үшін сақтандырғыш клапандармен жабдықтаймыз.

Резервуардың құбыраралық кеңістігін бақылайтын қондырғымен жабдықталады. Сонымен қатар резервуар құбыраралық кеңістікті газбен толтыратын қондырғы болады. Резервуарлар тыныс алу клапандары бар деаэрация жүйесімен жабдықталған. Тыныс алу клапандарының мақсаты резервуарлардың "үлкен" және "аз" тыныс алуы кезінде мұнай өнімдерінің жоғалуын барынша азайтып, онда қысымның немесе вакуумның рұқсат етілген шамаларының асып кетуінің алдын алу болып табылады. От бөгейіш резервуарға ұшқын немесе жалынның түсу мүмкіндігін болдырмайды. Резервуардағы қысымды бақылау үшін деаэрация жүйесі бітелген жағдайда "қысымға" сигнал бере алатын мановакуумметр қолданылады. Тыныс алу клапаны арқылы резервуарларға түсетін атмосфералық ауа ылғалдың қандай да бір пайызын қамтиды. Ол конденсацияланады және резервуардың түбінде жиналады, өйткені су отыннан ауыр.

АҚБ ең жиі кездесетін мәселе ол резервуар бетінің коррозияға ұшырауы. Коррозия – құбырлардың, резервуардың жұмысының сенімділігі және қызмет ету мерзімі – көбінесе олардың сыртқы және ішкі ортамен әсерлесуінің нәтижесінде бірте – бірте өздігінен бұзылуынан қорғау дәрежесімен анықталады. Құбырлармен резервуарларды коррозиядан қорғау активті және пассивті болып бөлінеді.

Пассивті қорғау – құбыр бетін оқшаулайтын (изоляциялайтын) жабдықтармен оқшаулау, оқшаулау жабдықтары ретінде битумды жабындар және полиэтиленнен жасалған жабындар немесе поливинилхлоридті таспалар (ленталар) қолданылады. Битумды жабындар, металы жарқылдағанша тазартылған құрғақ құбыр бетіне қабат-қабатымен жағады, кейін құбырды гидрооқшаулағышпен жабады. Уақыт өтуімен битумды жабындар өзінің қорғаныс қасиетін жоғалтады.

Полимерлі жабындар битумды жабындармен салыстырғанда келесі артықшылықтарға ие: олар технологиялық және экономды жағудың еңбек сыйымдылығы 2-4 есе, ал материал сыйымдылығы 8-10 есе аз, битумдыға қарағанда; химиялық тұрақтылықпен сәйкес келуімен беріктік қасиеті жоғары болады.

Полимерлі жабындар жабысқақ таспа (лента) түрінде қолданылады, олар арнайы машиналармен грунтталған және алдын ала тазартылған құбырларға жағылады.

Коррозиядан сыртқы қорғауды пайдаланудың барлық периодында тиімді болып қалуы мүмкін емес, сондықтан бірнеше уақыттан (5-8 жыл), ал адасқан ток болған жағдайда 2-3 жылдан құбырдың катодты немесе протекторлы (активті) қорғанысын құру керек. Катодты қорғау - металл бетінде теріс таңбалы потенциалды жасау, осының арқасында құбырда коррозиялық желінумен бірге жүретін электр тогының шығуының алды алынады [4, 33б].

2.1.1.1 Резервуар көлемін және санын есептеу

Мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарды таңдағанда олардың керекті санын да ескеру керек.

Мұнай өнімдерін бір тәулікте сату көлемін есептеу. Бір тәулікте сатылатын мұнай өнімдерінің жалпы көлемін анықтау үшін, автобустар үшін, жеңіл және жүк көліктері үшін жеке-жеке бір тәулікте сатылатын мұнай өнімдерінің көлемін анықтап алу керек, онда әр көліктің жанармайды бір реттік құюының орташа көлемін, сондай-ақ 1.3 кестеде келтірілген жүргізілген бақылаулардың нәтижелерін ескеру керек.

$$V_{\text{жалпы}}^{\text{тәулік}} = V_i^{\text{ж}} + V_i^{\text{жүк}} + V_i^{\text{а}}, \quad (1)$$

мұнда $V_i^{\text{ж}} + V_i^{\text{жүк}} + V_i^{\text{а}}$ і-ші отынмен жүретін жеңіл, жүк автокөліктері мен автобустарыға сатылатын жанармайдың орташа тәуліктік көлемі, л/тәул.

$$V_i^{\text{ж}} = V_{\text{рет}}^{\text{ж}} * S_i^{\text{ж}}, \quad (2)$$

$$V_i^{\text{жүк}} = V_{\text{рет}}^{\text{жүк}} * S_i^{\text{жүк}}, \quad (3)$$

$$V_i^a = V_{\text{рет}}^a * S_i^a, \quad (4)$$

мұнда $S_i^{\text{ж}}; S_i^{\text{жүк}}; S_i^a$ - осы аталған жолдың бөлігінде i -ші отынмен жүретін жеңіл және жүк көліктері мен автобустар үшін тәуліктің жанармай құю бекеттерінің қажетті саны, жанармай құю/ тәулігіне:

$$S_{95}^{\text{ж}} = 70 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{92}^{\text{ж}} = 360 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{80}^{\text{ж}} = 45 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{\text{до}}^{\text{ж}} = 36 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{80}^{\text{жүк}} = 12 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{\text{до}}^{\text{жүк}} = 18 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{80}^a = 2 \text{ құю/тәу}$$

$$S_{\text{до}}^a = 3 \text{ құю/тәу}$$

мұнда $V_{\text{рет}}^{\text{ж}}, V_{\text{рет}}^{\text{жүк}}, V_{\text{рет}}^a$ — жеңіл және жүк автокөліктерінің бір реттік жанармай құюының орташа көлемі, л.

Автокөліктердің топтары бойынша бір реттік жанармай құюдың орташа көлемі АҚБ жұмысын бірнеше жыл зерттеу жұмыстарының статистикалық мәліметтерін талдау нәтижелері бойынша анықталады. Есептеулер үшін бір реттік жанармай құюдың орташа көлемінің келесі сандық мәліметтерін алады:

- жеңіл автокөліктер 25 л;
- жүк автокөліктері 80 л;
- автобустар 80 л.

Аи-95 бензинін тәуліктік сату көлемін есептеу:

$$\text{- жеңіл көліктер: } V_{95}^{\text{ж}} = 25 * 70 = 1750 \text{ л/тәу};$$

Аи-92 бензинін тәуліктік сату көлемін есептеу:

$$\text{- жеңіл көліктер: } V_{92}^{\text{ж}} = 25 * 360 = 9000 \text{ л/тәу};$$

АИ-80 бензинін тәуліктік сату көлемін есептеу:

$$\text{- жеңіл көліктер: } V_{80}^{\text{ж}} = 25 * 45 = 1125 \text{ л/тәу};$$

$$\text{- жүк көліктері: } V_{80}^{\text{жүк}} = 80 * 12 = 960 \text{ л/тәу};$$

$$\text{- автобустар: } V_{80}^a = 80 * 2 = 160 \text{ л/тәу};$$

АИ-80 бойынша жалпы көлемі:

$$V_{80}^{\text{жалпы}} = V_{80}^{\text{ж}} + V_{80}^{\text{жүк}} + V_{80}^{\text{а}} = 1125 + 960 + 160 = 2245 \text{ л/тәу};$$

ДО тәуліктік сату көлемін есептеу

- жеңіл көліктер: $V_{\text{до}}^{\text{ж}} = 25 \cdot 36 = 900 \text{ л/тәу};$

- жүк көліктері: $V_{\text{до}}^{\text{жүк}} = 80 \cdot 18 = 1440 \text{ л/тәу};$

- автобустар: $V_{\text{до}}^{\text{а}} = 80 \cdot 3 = 240 \text{ л/тәу};$

ДО бойынша жалпы көлем:

$$V_{\text{до}}^{\text{жалпы}} = V_{\text{до}}^{\text{ж}} + V_{\text{до}}^{\text{жүк}} + V_{\text{до}}^{\text{а}} = 900 + 1440 + 240 = 2580 \text{ л/тәу};$$

Ашық түсті мұнай өнімдерін бір тәулікте сатудың жалпы көлемі (1 формула):

$$V_{\text{жалп}}^{\text{тәу}} = (1750 + 9000 + 1125 + 900) + (950 + 1440) + (160 + 240) = 15\,565 \text{ л/тәу}.$$

Мұнай өнімдерін жалпы жылдық сату көлемін есептеу. Мұнай өнімдерін сатудың жалпы жылдық көлемін анықтау үшін сатылымдағы отынның әр маркасы үшін жеке-жек бір жылдағы сатылым көлемін анықтап алу керек.

Сатылымның жалпы көлемін есептеуді келесі формула бойынша есептейді:

$$V_{\text{жалп}}^{\text{жыл}} = V_{95}^{\text{жыл}} + V_{92}^{\text{жыл}} + V_{80}^{\text{жыл}} + V_{\text{до}}^{\text{жыл}}, \quad (5)$$

мұнда $V_{95}^{\text{жыл}}; V_{92}^{\text{жыл}}; V_{80}^{\text{жыл}}; V_{\text{до}}^{\text{жыл}}$ - маркасы бойынша мұнай өнімдерінің жылдық сатылым көлемі, л/жылына.

$$V_{95}^{\text{жыл}} = V_{95}^{\text{тәу}} \cdot K_{\text{ж.ж}}, \quad (6)$$

$$V_{92}^{\text{жыл}} = V_{92}^{\text{тәу}} \cdot K_{\text{ж.ж}}, \quad (7)$$

$$V_{80}^{\text{жыл}} = V_{80}^{\text{тәу}} \cdot K_{\text{ж.ж}}, \quad (8)$$

$$V_{\text{до}}^{\text{жыл}} = V_{\text{до}}^{\text{тәу}} \cdot K_{\text{ж.ж}}, \quad (9)$$

мұнда $V_{95}^{тәу}$, $V_{92}^{тәу}$, $V_{80}^{тәу}$, $V_{до}^{тәу}$ - маркасы бойынша мұнай өнімдерін сатудың тәуліктік көлемі, л/тәулік;

$$V_{95}^{тәу} = 1750 \text{ л/тәу};$$

$$V_{92}^{тәу} = 9000 \text{ л/тәу};$$

$$V_{80}^{тәу} = 2245 \text{ л/тәу};$$

$$V_{до}^{тәу} = 2580 \text{ л/тәу};$$

$K_{ж.ж.}$ - АҚБ 1 жылдағы жұмыс күндерінің саны;

$$K_{ж.ж.} = 365 \text{ күн}$$

Аи-95 бензинінің жылдық сатылым көлемін есептеу:
 $V_{95}^{жыл} = 1750 \cdot 365 = 638\,750 \text{ л/жыл.}$

Аи-92 бензинінің жылдық сатылым көлемін есептеу:
 $V_{92}^{жыл} = 9000 \cdot 365 = 3\,285\,000 \text{ л/жыл.}$

Аи-80 бензинінің жылдық сатылым көлемін есептеу:
 $V_{80}^{жыл} = 2245 \cdot 365 = 819\,425 \text{ л/жыл.}$

ДО жылдық сатылым көлемін есептеу:
 $V_{до}^{жыл} = 2580 \cdot 365 = 941\,700 \text{ л/жыл.}$

Ашық түсті мұнай өнімдерінің жылдық жалпы сатылым көлемін есептеу (5 формула):

$$V_{жалпы}^{жыл} = 638\,750 + 3\,285\,000 + 819\,425 + 941\,700 = 5\,684\,875 \text{ л/жыл.}$$

Мұнай өнімдері шығынының біртегіс еместігінің коэффициентін ескеріп сату көлемін есептеу. Аи-92 бензинін сақтауға арналған ыдыстың көлемін есептеу:

$$\Sigma V_{95} = \frac{(V_{95}^{жыл} + Б) \times k_{max}}{j \times \lambda_{тол}}, \quad (10)$$

мұндағы $V_{95}^{жыл}$ Аи-95 жылдық сатылым көлемі: $V_{95}^{жыл} = 638\,750 \text{ л/жыл} = 638\,750 \cdot 0,76 / 1000 = 485,45 \text{ т/жылына};$

$Б$ – Аи-95 жоспарлы қоры, т; қабылдаймын $Б = 10$;

k_{max} – АҚБ отын шығынының біртегіс еместігінің коэффициенті;

j – бензиннің тығыздығы: $j = 0,76 \text{ т/м}^3$;

$\lambda_{\text{тол}}$ – толтыру коэффициенті: $\lambda_{\text{тол}} = 0,95$.

$$k_{\text{max}} = \frac{V_{95\text{max}}^{\text{ай}}}{V_{95\text{орт}}^{\text{ай}}}, \quad (11)$$

мұнда $V_{95\text{max}}^{\text{ай}}$ – бір жыл ішінде айына АҚБ-дегі отынның максималды шығыны, т/айына; $V_{95\text{орт}}^{\text{ай}}$ – бір жыл ішінде АҚБ отынның орташа айлық шығыны, т/айына.

Осы нақты жағдай үшін: $V_{95\text{max}}^{\text{ай}} = V_{95\text{орт}}^{\text{ай}} = \frac{V_{95}^{\text{жыл}}}{12} \frac{\text{т}}{\text{ай}}$, (12) деп қабылдаймыз.

Онда (12), (11) және (10) формулалары бойынша алатынымыз:

$$V_{95\text{max}}^{\text{ай}} = V_{95\text{орт}}^{\text{ай}} = \frac{485,45}{12} = 40,454 \text{ т/ай}, \quad k_{\text{max}} = \frac{40,454}{40,454} = 1,$$

$$\Sigma V_{95} = \frac{(V_{95}^{\text{жыл}} + Б) \times k_{\text{max}}}{j \times \lambda_{\text{тол}}} = \frac{(485,45 + 10) \times 1}{0,76 \times 0,95} = 686,218 \text{ м}^3$$

АИ-92 маркалы бензинін сақтауға арналған ыдыстың көлемін есептеу:

$$\Sigma V_{92} = \frac{(V_{92}^{\text{жыл}} + Б) \times k_{\text{max}}}{j \times \lambda_{\text{тол}}}, \quad (13)$$

мұнда $V_{92}^{\text{жыл}}$ Аи-92 жылдық сатылым көлемі: $V_{92}^{\text{жыл}} = 3\,285\,000$ л/жылына = 2496,6 т/жылына;

Б – Аи-92 жоспарлы қоры, т; қабылдаймын $Б = 15$ т.;

k_{max} – АҚБ отын шығынының біртегіс еместігінің коэффициенті;

j – бензиннің тығыздығы: $j = 0,76 \text{ т} / \text{м}^3$;

$\lambda_{\text{тол}}$ – толтыру коэффициенті: $\lambda_{\text{тол}} = 0,95$.

$$k_{\text{max}} = \frac{V_{92\text{max}}^{\text{ай}}}{V_{92\text{орт}}^{\text{ай}}}, \quad (14)$$

мұнда $V_{92\text{max}}^{\text{ай}}$ – бір жыл ішінде айына АҚБ-дегі отынның максималды шығыны, т/айына; $V_{92\text{орт}}^{\text{ай}}$ – бір жыл ішінде АҚБ отынның орташа айлық шығыны, т/айына.

Осы нақты жағдай үшін: $V_{92\text{max}}^{\text{ай}} = V_{92\text{орт}}^{\text{ай}} = \frac{V_{92}^{\text{жыл}}}{12} \frac{\text{т}}{\text{ай}}$, (15) деп қабылдаймыз.

Онда (13), (14) және (15) формулалары бойынша алатынымыз:

$$V_{92\text{max}}^{\text{ай}} = V_{92\text{орт}}^{\text{ай}} = \frac{2496,6}{12} = 208,05 \text{ т/ай}, \quad k_{\text{max}} = \frac{208,05}{208,05} = 1,$$

$$\Sigma V_{92} = \frac{(V_{92}^{жыл} + Б) \times k_{max}}{j \times \lambda_{тол}} = \frac{(2496,6 + 15) \times 1}{0,76 \times 0,95} = 3478,67 \text{ м}^3$$

АИ-80 маркалы бензинін сақтауға арналған ыдыстың көлемін есептеу:

$$\Sigma V_{80} = \frac{(V_{80}^{жыл} + Б) \times k_{max}}{j \times \lambda_{тол}}, \quad (16)$$

мұнда $V_{80}^{жыл}$ АИ-80 жылдық сатылым көлемі, т/жылына,
 $V_{80}^{жыл} = 622,763$ т/жылына;

Б – АИ-80 жоспарлы қоры, т; қабылдаймын $Б = 10$ т;

k_{max} – АҚБ отын шығынының біртегіс еместігінің коэффициенті;

j – бензиннің тығыздығы: $j = 0,76 \text{ т} / \text{м}^3$;

$\lambda_{тол}$ – толтыру коэффициенті: $\lambda_{тол} = 0,95$.

$$k_{max} = \frac{V_{80max}^{ай}}{V_{80орт}^{ай}}, \quad (17)$$

мұнда $V_{80max}^{ай}$ бір жыл ішінде айына АҚБ-дегі отынның максималды шығыны, т/айына; $V_{80орт}^{ай}$ бір жыл ішінде АҚБ отынның орташа айлық шығыны, т/айына.

Осы нақты жағдай үшін: $V_{80max}^{ай} = V_{80орт}^{ай} = \frac{V_{80}^{жыл}}{12}$ (18) деп қабылдаймыз. Онда (18), (17) және (16) формулалары бойынша алатынымыз:

$$V_{80max}^{ай} = V_{80орт}^{ай} = \frac{622,763}{12} = 51,896 \text{ т/ай}, \quad k_{max} = \frac{51,896}{51,896} = 1,$$

$$\Sigma V_{80} = \frac{(V_{80}^{жыл} + Б) \times k_{max}}{j \times \lambda_{тол}} = \frac{(622,763 + 10) \times 1}{0,76 \times 0,95} = 876,403 \text{ м}^3$$

ДО сақтауға арналған ыдыстың көлемін есептеу:

$$\Sigma V_{до} = \frac{(V_{до}^{жыл} + Б) \times k_{max}}{j \times \lambda_{тол}}, \quad (19)$$

мұнда $V_{до}^{жыл}$ ДО жылдық сатылым көлемі: $V_{до}^{жыл} = 715,692$ т/жылына;

Б – ДО жоспарлы қоры, т; қабылдаймын $Б = 15$ т;

$k_{\max}$ – АҚБ отын шығынының біртегіс еместігінің коэффициенті;
 j – ДО тығыздығы: $j = 0,82 \text{ т/м}^3$;
 $\lambda_{\text{тол}}$ – толтыру коэффициенті: $\lambda_{\text{тол}} = 0,95$.

$$k_{\max} = \frac{V_{\text{до max}}^{\text{ай}}}{V_{\text{до орт}}^{\text{ай}}}, \quad (20)$$

мұнда $V_{\text{до max}}^{\text{ай}}$ бір жыл ішінде айына АҚБ-дегі отынның максималды шығыны, т/айына; $V_{\text{до орт}}^{\text{ай}}$ бір жыл ішінде АҚБ отынның орташа айлық шығыны, т/айына.

Осы нақты жағдай үшін: $V_{\text{до max}}^{\text{ай}} = V_{\text{до орт}}^{\text{ай}} = \frac{V_{\text{до}}^{\text{жыл}}}{12}$ (21) деп қабылдаймыз. Онда (21), (20) және (19) формулалары бойынша алатынымыз:

$$V_{\text{до max}}^{\text{ай}} = V_{\text{до орт}}^{\text{ай}} = \frac{715,692}{12} = 59,641 \text{ т/ай}, \quad k_{\max} = \frac{59,641}{59,641} = 1,$$

$$\Sigma V_{\text{до}} = \frac{(V_{\text{до}}^{\text{жыл}} + Б) \times k_{\max}}{j \times \lambda_{\text{тол}}} = \frac{(715,692 + 10) \times 1}{0,82 \times 0,95} = 931,568 \text{ м}^3.$$

Резервуардың пайдалы көлемі анықтау. Тез жанаттын сұйықтарға қолданатын Резервуар 90% толтырылу қажет. 25 м³ резервуарды алатын болсақ, техникалық сипаттамасы ұзындығы 4850 мм, радиусы 1250 мм. Егер резервуардың 100% толғаны 25000 л тең болса, онда $V_{90\%} = 25000 \times 0.9 = 22500 \text{ л}$. Сонымен қатар резервуардың мертвая зонасын ескеру қажет, ол түп аймақта орналасатын кері клапан 200мм орналасқан.

$$V_{\text{м}} = L_{\text{рез}} \times L_{\text{дуга}} = 4.85 \times (\pi \times R / 180^\circ \times 10^0) = 1.057 \text{ м}^3 \quad (21)$$

$$V_{\text{п}} = V_{90\%} - V_{\text{м}} = 21443 \text{ л} \quad (22)$$

50м³ резервуарды алатын болсақ, техникалық сипаттамасы ұзындығы 9500 мм, радиусы 1380 мм. Егер резервуардың 100% толғаны 50000 л тең болса, онда $V_{90\%} = 50000 \times 0.9 = 45000 \text{ л}$. Сонымен қатар резервуардың мертвая зонасын ескеру қажет, ол түп аймақта орналасатын кері клапан 200мм орналасқан.

$$V_{\text{м}} = L_{\text{рез}} \times L_{\text{дуга}} = 9.5 \times (\pi \times R / 180^\circ \times 10^0) = 2.286 \text{ м}^3 \quad (23)$$

$$V_{\text{п}} = V_{90\%} - V_{\text{м}} = 42714 \text{ л} \quad (24)$$

Резервуар қажет санын және көлемін есептегенде жоғарыдағы есептерге сүйене отырып қарастырамыз. Келесі формула шығарылады, яғни сатылымдағы мұнай көлемі және резервуар көлемі. Егер Аи-95 автобензині 1 күнде 2 м³ сатылым мөлшері болады деп алатын болсақ, аптасына 14 м³ болса,

$$n_{95} = \frac{V_i}{V_{рез}} = \frac{14}{21.443} = 0.65, \quad (25)$$

яғни 25 м³ 1 резервуар қажет. Ал Аи-92 автобензині 50 м³ резервуар үшін саны [5, 59 б]

$$n_{92} = \frac{V_i}{V_{рез}} = \frac{56}{42.714} = 1,31. \quad (26)$$

2.1 кесте - есептеулер нәтижелері

Мұнай өнімдерінің атауы	Қабылданған ыдыстар, дана./куб.м.	Дайын сатылым, м ³ /жылына
1. Аи-95 автобензині	1/25	686,218
2. Аи-92 автобензині	1/50	3478,67
3. А-80 автобензині	1/25	876,403
Дизельді отын	1/25	931,568
Қорытынды	4/150	5972,859

2.1.2 Мұнай өнімдерін жіберетін қондырғылар

Тұтынушыларға жанармай мен майларды беру үшін отын тарату, қоспа тарату және түрлі құрылымдағы жанармай тарату колонкалары қолданылады. Колонкалардың негізгі міндеті тұтынушыларға қажетті дәлдікпен берілетін отын немесе май мөлшерін беру болып табылады (дозаны босатудың қателігі ±0,5% аспауы тиіс). АҚБ негізінен қашықтықтан басқарудың арнайы пульттерінің көмегімен немесе арнайы автоматтандырылған жүйелердің, соның ішінде мұнай өнімдерін қолма-қол ақшасыз жіберу жүйелерінің көмегімен қашықтан басқарылатын жанарма тарату колонкалары пайдаланылады.

Жобада "Tokheim" фирмасының "Quantum 500 T" типті төрт отын тарату колонкалары қарастырылған. ТРК отынның төрт сортын, сегіз тарату кранының (пистолеттердің) көмегімен, жанармай құю аралының әр жағынан төртеуден босату мүмкіндігін қарастырады. Отын тиісті резервуарлардан "Red Jacket" батырылатын сорғылардың көмегімен, отынның әрбір түрі үшін бөлек құбыржолдары бойынша келіп түседі. Автомобильдерге май құю кезінде бу ұстау вакуумдық жүйесінің көмегімен май құйылатын отын бағынан газ фазасын мәжбүрлеп сору және оны рециркуляцияның арнайы құбырымен және сақтау резервуарларына бу фазасын желдету арқылы тастау жүргізіледі.

Жанармай тарату колонкасы сорғыш (сору сорабы және расходомермен жабдықталған) және қашықтан басқарылатын (расходомер және фильтрмен

жабдықталған) түрі бар. Барлық модельдер бу сезу қондырғысымен, терминалды төлеммен жабдықталады. Шлангалар колонкада бос ілінген. Түрлері: Шланг ДН 16 мм, стандарт өнімділігі 40 л / мин., ұзындығы 4,20 м. Шланг ДН 21мм, стандарт өнімділігі 80 л / мин., ұзындығы 4,10 м. Шланг ДН 25 мм, стандарт өнімділігі 130 л / мин., ұзындығы 4,20 м. Сораптың өнімділігі бекеттегі жағдайға байланысты (резервуардан қашықтығы, сору ұзындығы, құбыр диаметрі). Сораптың стандарт өнімділігі 35 тен 50 л / мин. Тарату колонкалары бір жаққа бір уақытта екі немесе үш сұйықты жібере алады [6, 7 - 8 б.].

2.1.2.1 Жанармай тарату колонкасының оптималды санын таңдау

Мұнай өнімдерінің орта тәуліктік сатылымы:

$$Q_{т/тәу} = \frac{(V_{ж} * q_{ж} * \rho_{б}) + (V_{жүк} * q_{жүк} * \rho_{до})}{1000}, \quad (27)$$

мұнда $V_{ж}$ - жеңіл көліктің бір реттік жанармай құю мөлшері, $V_{ж} = 25$ л;

$V_{жүк}$ - жүк көліктің бір реттік жанармай құю мөлшері, $V_{жүк} = 80$ л;

$q_{ж}$ - тәуліктік жеңіл көлікке жанармай құю саны, $q_{ж} = 511$;

$q_{жүк}$ - тәуліктік жүк көлікке жанармай құю саны, $q_{ж} = 35$;

$\rho_{б}$ - бензиннің орташа тығыздығы, $\rho_{б} = 0.76$;

$\rho_{до}$ - дизель отынның орташа тығыздығы, $\rho_{до} = 0.82$;

$$Q_{т/тәу} = \frac{(25 * 511 * 0.76) + (80 * 35 * 0.82)}{1000} = 12.005 \frac{\text{т}}{\text{тәу}},$$

"Пик" сағатында мұнай өнімдерін ең жоғары кетуі:

$$Q_{max} = \frac{Q_{т/тәу} * E}{T}, \quad (28)$$

мұнда E - орташа тәуліктік көрсеткішпен салыстырғанда 2,5-ке тең қабылданған

"пик" сағаттарында мұнай өнімдерін босатуды арттыру коэффициенті;

T – ЖТК нақты жұмысының ұзақтығы, 8 сағат;

$$Q_{max} = \frac{12.005 * 2.5}{8} = 3.7 \text{ т/сағ.}$$

Жанармай тарату колонка саны:

$$K = \frac{Q_{max}}{Q_{ктв} * K_T * K_d} \quad (29)$$

мұнда K_T - 0,5 қабылданатын ЖҚК тиімділік коэффициенті;

K_d - 1,0 жанармай құю жабдығының дайындық коэффициенті;

$Q_{\text{ө}}$ - колонканың техникалық өнімділігі, келесі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{ө}} = \frac{q_{\text{л/мин}} * (\rho_{\text{б}} * \rho_{\text{до}})}{2} * 60, \quad (30)$$

мұнда $q_{\text{л/мин}}$ - 40 л/мин ЖҚК сорғы өнімділігі;

$$Q_{\text{ө}} = \frac{50 * (0.76 * 0.82)}{2} * 60 = 2.3 \text{ т/сағ,}$$

